

"Сот шешімі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 5 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 16 наурыздағы № 3 нормативтік қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Нормативтік қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

1. Жоғарыда көрсетілген Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1) 1-тармақтың төртінші абзацындағы екінші сөйлем алып тасталсын;
- 2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Шешім Қазақстан Республикасының атынан заңға және нақты іс бойынша сот анықтаған фактілерге қатаң сәйкестікте шығарылады.

Тараптардың, талап қоюшының не жауапкердің жағынан қатысатын үшінші тұлғалардың не іске қатысатын басқа адамдардың түсініктері, куәлардың, сарапшының айғақтары, маманның түсіндірмелері шешімде үшінші жақтан келтіріліп, қысқаша, даудың мәні бойынша жазылады.

Көлемі ауқымды түсініктер, айғақтар мен түсіндірмелер болған кезде уақыт кезеңін нақты көрсете отырып, дыбыс-, бейнежазбасына сілтеме жасауға жол беріледі.

Шешімнің мәтінінде: оқиғалар мен мән-жайлардың жете жазылуына; дауға қатысы жоқ құқық нормаларының келтірілуіне; ресми құжаттарда қолдануға болмайтын қабылданбаған қысқартулар мен сөздерді пайдалануға; сотта айтылмаған түзетулерді енгізуге жол берілмейді.

Судья шешімді кеңесу бөлмесінде жазбаша нысанда дайындайды және ол қолмен жазу, машинкада жазу немесе компьютерлік тәсілмен бір данада жасалуы мүмкін.

Шешім қолмен немесе машинкада жазу тәсілімен дайындалған жағдайда, оның көшірмесі мынадай талаптарға сәйкес компьютерлік тәсілмен орындалуы тиіс.

Компьютерлік тәсілмен дайындалған шешім мынадай параметрлер ("doc" немесе "docx" кеңейтілімі бар мәтіндік редакторын қолдану арқылы) ескеріле отырып ресімделеді:

шет сызықтары: жоғарғы, төменгі шеттер – 2,5 см, оң жақ шеті - 1,5 см, сол жақ шеті – 2,5 см; көшірмені парақтың екінші бетіне басқан кезде шет сызықтары: жоғарғы, төменгі шеттер – 2,5 см, оң жақ шеті - 2,5 см, сол жақ шеті – 1,5 см;

қаріп – № 14 көлеміндегі "Arial Narrow";

жоларалық интервал – біржолдық;

атаудың, күні, істің нөмірі, шешім шығарылған орны жолының арасындағы және шешім бөліктерінің арасындағы интервал – 12 пункт (бұдан әрі – пт);

абзацтық азат жол – 1,25 см;

екі және одан көп беттерде екінші және одан кейінгі беттер араб цифрларымен парақтың жоғарғы жағының ортасында тыныс белгілерісіз нөмірленеді;

әр бетте QR код көрсетіледі.

Шешімнің мәтіні бірыңғай қаріппен, бүлінулерсіз және түзетулерсіз басылады.

Шешімнің мәтінінде жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін бөліп көрсетуге және олардың астын сызуға жол берілмейді. Бұл қағида "ШЕШІМ", "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН", "ШЕШТІ" деген сөздерге, судьяның лауазымына, аты-жөні мен тегіне, шешім бөліктерінің атауларына, сонымен қатар жазылуы құқықтық актілермен, оның ішінде халықаралық актілермен реттелетін жекелеген сөздерге, әріптерге, жалпы қабылданған аббревиатураларға қолданылмайды.

"ШЕШІМ", "ШЕШТІ", "КІРІСПЕ БӨЛІГІ", "СИПАТТАУ БӨЛІГІ", "УӘЖДЕУ БӨЛІГІ", "ҚАРАР БӨЛІГІ" деген сөздер бас әріптермен буынға бөлініп тасымалданбай жазылады.

Сот актісінің " Ш Е Ш І М " деген атауы мемлекеттік елтаңбаның астында № 20 көлеміндегі жартылай қою сызбамен басылып, 7 пт. белгі аралық интервалмен орналастырылады.

Келесі жолда парақтың ортасында "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН" деген сөздер № 20 көлеміндегі жартылай қою қаріпімен, қалыпты белгі аралық интервалмен басылады.

Келесі жолда шешімнің шығарылған күні – абзацтық азат жолсыз сол жаққа түзетіліп, істің нөмірі – парақтың ортасында, шешімнің шығарылған орны – оң жақта көрсетіледі.

Шешімге судья қол қояды, содан кейін ол істің талқылануы аяқталған нақ сол сот отырысында жарияланады.

Іс бойынша шешім жарияланған күн шешімнің шығару күні болып табылады.

Шешімнің шығарылу орны сол шешім шығарылған қаланың немесе өзге де елді мекеннің атауына байланысты болады.

Заңмен белгіленген жазбаша нысанда дайындалмаған және судья қол қоймаған ауызша қорытындылардың жария етілуі сот шешімі болып табылмайды.";

3) 7-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"Жарияланғаннан кейін судья қабылданған шешімнің мәнін, уәждері мен құқықтық салдарларын ауызша түсіндіреді, ол туралы сот отырысының хаттамасында белгі жасалады.

Шешімді дайындаған кезде осы қаулыға қосымшаны басшылыққа алу қажет.";

4) 9, 10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Шешімнің кіріспе бөлігін дайындаған кезде АПК-нің 226-бабының үшінші бөлігін басшылыққа алу қажет.

Әрбір абзацтың тиісті тақырыбы (олардың арасындағы интервал 12 пт) болады: " ТАЛАП ҚОЮШЫ (ТАЛАП ҚОЮШЫЛАР)", "ЖАУАПКЕР (ЖАУАПКЕРЛЕР)", " ІСКЕ ҚАТЫСАТЫН АДАМДАР", "ДАУ ТАЛАПТАРЫ".

Азаматтың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) туралы жеке деректерді оның жеке басын куәландыратын ресми құжаттағы жазбаға сәйкес көрсету қажет.

Іс бойынша іс жүргізу орыс тілінде жүзеге асырылса, ал адамның тегі, аты, әкесінің аты жеке басын куәландыратын құжаттарда мемлекеттік тілде көрсетілсе, шешімде адамның жеке деректері септік жалғауларынсыз, жеке басын куәландыратын ресми құжаттағы жазбаға дәл сәйкестікте көрсетілуі тиіс.

Сот шешіміндегі шетелдік адамның тегі, аты және әкесінің аты іс жүргізу тілінде де , жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген транскрипцияда да жазылады.

Тізбесі "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 73-V Заңының 6-бабының 1-тармағында көзделген құжаттардың негізінде азаматтың жеке басы куәландырылады.

Егер тарап заңды тұлға болып табылса, онда оның атауын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттарға сәйкес көрсеткен жөн.

Талап қоюшы, даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлға немесе қарсы талап арыз бойынша жауапкер бірнеше талапты мәлімдеген кезде олардың әрқайсысы нөмірленуі тиіс.

Кейін шешімде, қарар бөлігін қоспағанда, мәлімделген талаптардың толық мәтінін келтірмеуге, талаптың нөмірін - № 1 талап, № 2 талап деп және т.б. көрсетуге жол беріледі.

10. Шешімнің сипаттау бөлігінде, АПК-нің 226-бабы төртінші бөлігінің талаптарын қоспағанда, дау туындағанға дейінгі және іске тікелей қатысы бар даусыз фактілер қысқа нысанда жазылады. Бұл ретте қойылған талапты және талап қою арызына пікірді толық көрсетуге және көшіруге жол берілмейді.

Мәлімделген талаптардың мазмұны, оның ішінде, егер талап қоюшы қойған талабының негіздері мен нысанасын өзгертіп, оның мөлшерін азайтса, шешімнің сипаттау бөлігінде көрсетілуі тиіс.

Егер сот АПК-нің 154-бабында көзделген негіздер бойынша қарсы қойылған талапты қарауға қабылдаса, онда шешімнің сипаттау бөлігінде қарсы талаптардың да мазмұны көрсетіледі.

Бұдан басқа, шешімнің сипаттау бөлігінде жауапкердің қарсылықтары және іске қатысқан басқа адамдардың түсініктері келтірілуі тиіс.

Шешімнің сипаттау бөлігінде шешім шығару кезінде кеңесу бөлмесінде сот шешуге тиіс мәлімделген өтінішхаттар да (талап қоюдың ескеру мерзімін қолдану, тұрақсыздық айыбын азайту, шешімді дереу орындауға жіберу туралы және басқалар) жазылады.

11. Шешімнің уәждеу бөлігі сот шешімді қабылдау кезінде негізге алған құқық нормаларын келтіруден басталады. Сот олардың мазмұндарын негізге ала отырып, іс үшін маңызды болып табылатын мән-жайлардың ауқымын анықтайды.

АПК-нің 225-бабына сәйкес ұсынылған дәлелдемелердің бағалануы сотқа іс үшін маңызы бар қандай мән-жайлардың анықталғаны және қандай мән-жайлардың анықталмағаны жөнінде түйіндеуге мүмкіндік береді.

Сот шешімі пайдасына шыққан тараптың дәлелдері мен дәлелдемелерінің шешімде біржақты жазылуына жол берілмейді. Сот қандай негіздермен екінші тараптың дәлелдерін қабылдамағанын және осы тарап сілтеме жасаған материалдық құқықтың нормаларын қолданбағанын көрсетуге міндетті.

Шешім істің мән-жайлары туралы болжамдарға негізделуі мүмкін емес. Сот шешімде сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге сілтеме жасауға құқылы емес.

Егер дәлелдемелерді жинау соттың тапсырмасын орындау тәртібімен жүргізілсе, онда сот осы дәлелдемелер сот отырысында жария етіліп және зерттелген жағдайда, оларды шешімнің негізіне алуға құқылы. Егер іске қатысатын адамдар немесе АПК-нің 74-бабының тәртібімен тапсырманы орындаған сотқа түсініктер немесе айғақтар берген куәлар істі қарайтын сотқа келсе, олар түсініктері мен айғақтарын жалпы тәртіппен береді.

АПК-нің 69, 70, 71-баптарында көзделген тәртіппен дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша процестік әрекеттер жүргізілуі мүмкін. Бұл орайда жиналған дәлелдемелер (хаттамалар және басқа материалдар) сот отырысында зерделенген жағдайда, сот осы дәлелдемелерді шешімнің негізіне алуға құқылы.";

5) 16-тармақтың бірінші абзацындағы екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Соттың мәлімделген талаптардың шегінен заңда тікелей көзделген жағдайларда ғана шығуға құқығы бар.";

6) 17-тармақтың бірінші абзацындағы "туындайтын" деген сөзден кейін "қойылған талапты қанағаттандыру туралы немесе талаптан толық немесе бөлігінде бас тарту туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 24-тармақта:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 498-бабымен" деген сөздер "Салық кодексінің 612-бабында" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 28-тармақта:

үшінші абзацта:

"жеке наразылық келтіру" деген сөздер "прокурордың өтінішхат келтіруі" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Шешімді дереу орындауға жіберуден бас тарту туралы сот ұйғарымына сот шешімінен бөлек шағым (өтінішхат) берілуі (келтірілуі) мүмкін емес.";

9) 32-тармақтың екінші абзацындағы "наразылық келтірілсе" деген сөздер "апелляциялық өтінішхат келтірілсе" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және 2018 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың 2), 3), 4) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сотының Төрағасы*

Ж. Асанов

*Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сотының судьясы, жалпы
отырыс хатшысы*

Г. Әлмағамбетова

Қосымша
агіал нағов, қаріп 20, белгі аралық 7



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ш Е Ш І М

I. КІРІСПЕ БӨЛІГІ:

_____ жылғы _____ № _____ іс _____ қаласы

_____ аудандық соты құрамында:
төрағалық етуші судья _____
сот отырысының хатшысы _____ қатысуымен
ашық (жабық) сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ (ТАЛАП ҚОЮШЫЛАР):

АӘТ (ЖШС, АҚ, ММ) Заңды тұлғалардың атауы оларды мемлекеттік тіркеу құжаттары бойынша көрсетілсін).

ЖАУАПКЕР (ЖАУАПКЕРЛЕР):

АӘТ (ЖШС, АҚ, ММ)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ: (даудың мәні немесе қойылған талапқа (арызға, шағымға) енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, мәлімделген талап. Бірнеше талап мәлімделген кезде әрбір талап жеке нөмірленеді. Осындай шарттар қарсы талапқа да қойылады:

1. _____
2. _____

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

талап қоюшы _____ және оның өкілі _____;
жауапкер _____ және оның өкілі _____;
үшінші тұлға _____

II. СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2.1 дау туындағанға дейінгі және оған тікелей қатысы бар даусыз фактілер;

2.2 қойылған талаптың (өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып) және қойылған талапқа пікірдің қысқаша мазмұны. Оларды толық жазуға және көшіруге жол берілмейді;

2.3 тараптардың және іске қатысқан басқа да адамдардың түсініктері, куәлардың, сарапшылардың айғақтары, мамандардың түсіндірмелері (қысқа, даудың мәні бойынша, үшінші жақтан). Көлемі ауқымды түсініктер, айғақтар мен түсіндірмелер болған кезде уақыт кезеңін нақты көрсете отырып, дыбыс-, бейнежазбасына сілтеме жасауға жол беріледі;

2.4 шешім шығару кезінде сот кеңесу бөлемесінде шешуге тиіс мәлімделген өтінішхаттар (талап қоюдың ескеру мерзімін қолдану, тұрақсыздық айыбын азайту, шешімді дереу орындауға жіберу туралы).

Мәтіннің басты бөлімдері мен күші бөлімдері бір біріне нөмірі 10 Arial Narrow қаріп арқылы бөлінеді



→ III. УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

→{

- 3.1 сот шешім қабылдау үшін негізге алған ҚҰҚЫҚ нормалары;
- 3.2 даудың нысанасы бойынша сот анықтаған мән-жайлар;
- 3.3 соттың түйіндері негізделген дәлелдемелер. Сот шешімі пайдасына шыққан тараптың дәлелдері мен дәлелдемелерінің шешімде біржақты жазылуына жол берілмейді. Сот қандай негіздермен екінші тараптың дәлелдерін қабылдамағанын және осы тарап сілтеме жасаған материалдық ҚҰҚЫҚ нормаларын қолданбағанын көрсетуге міндетті;
- 3.4 әрбір талап бойынша нақты ҚҰҚЫҚ нормасына сілтеме жасай отырып, жеке ҚҰҚЫҚТЫҚ талдау және заңдық бағалау. Түйіндер барынша қысқа нақты және өртүрлі түсіндірілуге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс;
- 3.5 сот шығыстарын бөлу туралы уәжді түйін.

Мыналарға:

- 1) оқиғалар мен мән-жайлардың жете жазылуына, дауға қатысы жоқ ҚҰҚЫҚ нормаларының келтірілуіне;
- 2) мәтінді қабылдауды қиындататын ауқымды сөйлемдерге;
- 3) қабылданбаған қысқартулар мен сөздерді қолдануға, сотта айтылмаған тұзетулерді енгізуге;
- 4) сот отырысында зерделенбеген дәлелдемелерге сілтеме жасауға;
- 5) істің мән-жайлары туралы болжамдарды жазуға **жол берілмейді**.

→ IV. ҚАРАР БӨЛІГІ:

→{

Сот АПК-нің _____ баптарын басшылыққа ала отырып **ШЕШТІ**:

- 4.1 қойылған талапты қанағаттандыру туралы немесе талаптан толық немесе бөлігінде бас тарту туралы соттың түйіні;
- 4.2 сот шығыстарын бөлуге нұсқау;
- 4.3 шешімге шағым жасау мерзімі мен тәртібі;
- 4.4 өзге де түйіндер (шешімді дереу орындау туралы нұсқау, шешімді қамтамасыз ету және орындау жөнінде шаралар, талап қоюды қамтамасыз етуді алып тастау немесе сақтау туралы).

Қарар бөлігі:

- 1) орындау кезінде дау туғызбау үшін нақты, анық және түсінікті болуға;
- 2) талап қоюшының барлық талаптары бойынша соттың түйінін қамтуы және ол уәждеу бөлігінде анықталған нақты мән-жайлардан туындауы тиіс.

Судья _____ АӨТ

(қолы)

Ескертпе: қаріп– Arial Narrow, қаріп көлемі– 14 пт.,

Жоларалық интервал – біржолдық

Абзацты бастау үшін азат жолы(жаңа жол)– 1,25 см.

Мәтіннің басты бөлімдері мен кіші бөлімдері бір бірінен көлемі 10 Arial Narrow қаріпі арқылы бөлінеді

Бет параметрлері: сол жағы – 2,5 см., оң жағы – 1,5 см., жоғарғы жағы – 2,5 см, төменгі жағы – 2,5 см

Парақтың екінші бетіндегі шет сызықтары: жоғарғы, төменгі жақтары – 2,5, оң жағы - 2,5, сол жағы – 1,5.



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК